

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы Ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 3 наурыздағы N 290.

"Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 қазандағы № 3168 Жарлығының 7-тармағының 2 және 6 тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.11.1997 № 1636 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің қосымшаға сәйкес күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Қажыгелдин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 3 наурыздағы
N 290 қаулысына
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің ТІЗБЕСІ

1. "Қазақ КСР Еңбек министрлігі мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 7 маусымдағы N 363 қаулысы;

2. "Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 30 желтоқсандағы N 818 қаулысы (ҚазКСР ҚЖ, 1991 ж., N 27, 196-құжат);

3. "Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің Қазақ еңбек және жұмыспен қамту проблемалары ғылыми-зерттеу институтын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 31 желтоқсандағы N 822 қаулысының 8-тармағы;

4. "Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 29 маусымдағы N 561 қаулысы (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 25, 400-құжат);

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 115 қаулысымен (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың 5-тармағы;

6. "Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 17 маусымдағы N 741 қаулысы (Қазақстан Республикасы ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 28, 244-күжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК